

**№24 «Ұшқын» негізгі орта мектебінде ата-аналармен өткізілген
жиналысының**

Хаттамасы №2

27.10.2023 ж.

Ұшқын ауылы

Қатысқандар: Ата – аналар, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан қорытындысы. /Б.Султанов, М.Кантеева, У.Кулдасова./
2. Ата – анамен мұғалімнің, оқушының тығыз байланысы.
3. Әртүрлі мәселелер.
4. Демалыс күндергі оқушылардың өмір қауіпсіздігі.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша, мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов сөз бастады.

I тоқсан бойынша қорытынды жасайтын болсақ ең алдымен оқушыларымыздың тәрбиесі жақсы, алайда оқушыларымыз былтырғы онлайн сабақ өтуіне байланысты кішкене өзгерістер байқалады. Осы орайда тәрбие жағынан құрметті ата-аналар балдарыңызбен тығыз қарым-қатынаста болыңыздар. Ал енді басты мәселе оқушыларымыздың сабаққа кешігіп келуі және сабақтан себепсіз қалуы, осы орайда ата-аналар балаларыңызды сабаққа уақытылы жіберіңіздер және сабақтан себепсіз қалдырмаңыздар. Журналды тексеру нәтижесінде Сапар Балнұр, Орынбасар Бек, Тасқұл Нұрасыл оқушыларымыз тоқсан бойынша ең көп сабақтан себепсіз қалған оқушылар. Сапар Бекнұр және Балнұрдың ата-анасына бестік одақ мүшелері барып түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың тұрмыс деңгейі анықталып, мемлекет тарапынан белінген қаржыға мектеп ережесіне сай киім әперіліп, күнделікті ыстық тамақ берілуде. Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайына сипаттама:

Көп балалы отбасы балалар саны – 118

Тұл жетім – 0

Жартылай жетім – 8

Үйде оқитын оқушылар саны – 1

Дене тәрбиесі сабағынан босатылған оқушылар саны – 0

«Д» есепте тұратын оқушы саны – 6

Мүгедек оқушылар саны – 0

Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны – 6

Тұрмыс жағдайы төмен оқушылар саны – 27

Мектепке жол акцисы аясында демеушілер тарапынан 4 оқушыға мектепке керекті құрал-жабдықтар берілді.

I – тоқсан бойынша мектепте көптеген іс-шаралар өткізіліп, өткізілген барлық іс-шаралар «Facebook» әлеуметтік желісіне жарияланып отыр. Құқық бұзушылық, ерте жүктілік, суйцид, жат діни ағымға еліктеушілік істері орын алмады. Түнгі беймезгіл уақытта көшеге шығушы оқушылар жоқ. Ата-аналармен байланыс орнатылып, тиісті шаралар жүргізіліп жатыр. Мектеп формасы қалыпты жағдайда. Сынып жетекшілер тәрбие сағаттарды уақытылы орындап жатыр. Тоқсанның аяқталуына орай ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мектеп формасына тоқталар болсақ білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка).

Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады.

Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады. Балаларыңызды мектепке форма киіп баруын қадағалыңыздар құрметті ата-аналар.

Кейінгі сөз кезегін директордың оқу – ісі жөніндегі орынбасары М.Кантеева алып, I тоқсан бойынша оқушылардың оқу үлгерімі, сауаттылығы, қабілеттілігі жайында сөз қозғады. Құрметті ата-аналар мектепте көптеген олимпиадалық жарыстар болып жатыр. Осыған орай балдарыңыздың сабақтарын бақылаңыздар. Кейбір оқушылардың сабаққа деген ынтасы нашар болып жатыр. Үздіктерімізге рахмет мектепішілік бақылаудан алға шығып, ауданға барып қатысып жүлде алып жатыр, облысқада өткен оқушыларымыз бар. Ата – аналар сіздер жақсылап қадағаласаңыздар басқа оқушыларда осы оқушылар секілді өзгертін еді. Келесі айтарым балаларыңыздың бағаларын күнделікті kundelik.kz тен көре аласыздар, кіріп бақылап отырыңыздар. Әр сынып бойынша басқада мәліметті сынып жетекшілер өздері айта жатар деп өз сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагог – психолог У.Кулдасова сөз бастады. Құрметті ата-аналар мен кеше аудандық жиналысқа қатыстым, басқа өңірлердегі жағдайларды есітіп жағамды ұстадым. Қазіргі таңда зорлық – зомбылық қатты өршіп бара жатыр. Соның бәрі баланың қадағалауынсыз қалуынан болып жатыр. Сіздер балдарыңызды жалғыз

тастамаңыздар, онымен сырласыңыздар, ішкі жан дүниесін тыңдауға әрекет жасаңыздар, жылы сөйлеңіздер, ұрмаңыздар, ұрыспаңыздар, бір сөзбен айтқанда балдарыңызбен тығыз қарым – қатынас жасаңыздар. Балдарыңызға барынша жылулықпен қараңыздар деп, өз сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Жакыпова сөз алып былай деді, құрметті ата-аналар күн суытып қалды балдарыңызды жылы киіндіріп жіберіңіздер. Тұмау қатты жүріп жатыр соған байланысты маска тағып жүрсін, антисептик салып жіберіңіздер сөмкесіне, жеке бас гигиенасын дұрыс сақтаңыздар, алдымызда демалыс бас киімсіз жүруін, желең сыртқа шығып кетуін, қолдарын салқын суға салуын қадағалаңыздар. Сөз кезегін кітапханашы М.Асанова алып, құрметті ата-аналар біраз оқушылардың кітаптарын тексеріп көрдім. Көбісі қаптамаған, кейбіреулері ішіне жазып тастаған, біреулері жыртқан, біреулері сызған, біреулері май тамызған, кітапты ұқыпты таза ұстатсаңыздар екен деп өз сөзін аяқтады. Ары қарай санып жетекшілер өз сыныптары бойынша түрлі мәселелерін айтты.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов былай деді, алдымызда ІІ тоқсанға дейін 1 апта демалыс. Осы демалыс аралаығында құрметі ата-аналар мектеппен бірге жасаған келісім шарт негізінде жұмыс жасаймыз. Балдарыңызға демалыс күндері жауапты сіздерсіздер, жадапкершілікпен қараңыздар. Ертең бір мәселе туындап отырмасын. Күнделікті рейдтік іс – шаралар жүргіземіз, арнайы рейттік топ мүшелерімен деп, сөз соңын қорытындылады.

Шешім:

1. І-тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Ата-анамен мұғалімдер арасында және оқушылар арасында тығыз қарым – қатынас орнатылсын.
3. Буллинг және кибербуллинг жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Оқушылардың мектептегі оқу үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісіне жүктелсін.
5. Демалыс күндергі оқушылардың өмір қауыпсіздігі келісім шарт негізінде орындалсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Б.Султанов

М.Асанова

